



SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY



Білім алушылардың педагогикалық қызметке кәсіби бағдарлауын дамыту тенденциялары

**Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
Басқарма мүшесі –
Академиялық мәселелер
жөніндегі проректоры
Кудышева Айнаш
Амангельдіқызы**

СТАТИСТИКА



белсенді жұмыс күші
8,7 млн. адам



35,5% диплом бойынша жұмыс істемейді (ҰКП және БжҒМ зерттеулеріне сәйкес)



81% жоғары білімі немесе ТжКБ дипломы бар



40% бітіргеннен кейінгі бірінші жыл ішінде жұмыс таба алмайды

Оқушылардың 87% - ы ата-аналарының немесе мектеп мұғалімдерінің әсерінен мамандық таңдайды



Ата-аналардың 75% - ы балаларының қандай мамандық таңдағысы келетінін білмейтіндіктерін мойындайды



Мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының 90% еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар туралы түсініктері жоқ



ақпараттың болмауы және кәсіптік бағдарлау бойынша қолданыстағы әдістемелер мен құралдардың тиімсіздігі себебінен



Озық кадрлық қамтамасыздандыру



Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандарты

4 стандарт

Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы мұғалімдер мен тәрбиешілерді даярлау ББ түсетін педагогикалық бағытталған және дарынды талапкерлерді арттыруға ерекше назар аударуы керек.



PISA-2022 нәтижелері негізінде оқушылар таңдаған мамандықтардың рейтингі



Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандарты

4 стандарт

Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы білім беру жүйесінің қажеттіліктеріне, оның ішінде педагогикалық кадрлардың тапшылығын анықтауға **тұрақты талдау және маркетингтік зерттеулер жүргізуі** керек.




2022 жылы Қазақстанда педагог кадрлардың тапшылығы 3620 адамды құрады (оның 1896-сы қалаларда, 1724-і ауылдарда)




Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті базасында "**Мамандығым болашағым**" жобасы аясында 2023 жылы өңірдің (**Шымкент қаласы; Түркістан облысы**) педагогикалық кадрларға қажеттілігін талдау бойынша кешенді жұмыс жүргізілетін болады

Зерттеу нәтижелері (ата-аналар)


Балаңызбен болашақ мамандығы туралы сөйлесесіз бе?



Мамандық таңдау туралы соңғы шешімді кім қабылдайды?




Балаңыздың қандай мамандық таңдайтыны Сіз үшін маңызды ма?




1982
респондент

Балаңыз нешінші сыныпта оқиды?




Зерттеу нәтижелері (ата-аналар)

Балаңыз қандай мамандық иесі болатынын біле ме?



- Біледі
- Білмейді
- Әлі ойлануда


Ата-ана ретінде балаңыздың болашағы үшін Сізге ең маңыздысы?



- Университет
- Мамандық


1982
респондент

Балаңыздың қайда оқығанын қалайсыз?



- Қазақстандық университеттерде
- Шетелдік университеттерде


Балаңыздың Қазақстандық университеттерде грантқа оқығаны Сіз үшін маңызды ма?



- Өте маңызды
- Маңызды
- Маңызды емес
- Оқу ақысын төлеуге дайынбыз

Зерттеу нәтижелері (ата-аналар)

Сіздің ойыңызша, мектептегі кәсіби бағдар беру қалай өтуі керек?



■ Кешенді кәсіби бағдарлық сүйемелдеу

■ Қосымша қажетті дағдыларды анықтауға көмектесу


■ Білім алушыларды диагностикалау

■ Факультативтік сабақтар

■ Мамандық өкілдерімен мектепте кездесу

■ Кәсіпорындарға (колледждерге, ЖОО) экскурсия

Мектепте Сіздің балаңызға арналған кәсіби бағдар беру бағдарламасы бар ма?



■ Иә ■ Жоқ ■ Білмеймін

Зерттеу нәтижелері (педагогтар)


№	Сауалдар	Иә	Жоқ
1	Білім алушыларға кәсіби бағдар беру бойынша соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру курсынан өттіңіз бе?	22,1 %	77,9 %
2	Сіз пән мұғалімі білім алушылармен кәсіби бағдар беру дағдыларын меңгеріп, оны жүзеге асыруы керек деп ойлайсыз ба?	82,2 %	17,8%
3	Сіз білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби бағдар беру жұмысының білімі мен дағдыларын меңгергенсіз бе?	56,4 %	43,6 %

886 респондент

Зерттеу нәтижелері (педагогтар)


Қай сыныптан бастап білім алушылармен кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу керек деп ойлайсыз?

- 11 сыныптан бастап
- 10 сыныптан бастап
- 9 сыныптан бастап
- 8 сыныптан бастап
- 7 сыныптан бастап
- 6 сыныптан бастап
- 5 сыныптан бастап



Сіздің ойыңызша, білім алушыларды кәсіби бағдарлау процесіне кім қатысуы керек?

- Жоғарыдағылардың барлығы
- ЖОО, колледж өкілдері
- ата-аналар
- пән мұғалімі
- педагог-психолог / профориентатор




886 респондент

Зерттеу нәтижелері (білім-алушар)


Сіздің таңдауыңызға кім немесе не әсер етеді?

- мамандыққа бейімділік
- мамандыққа жеке қызығушылық
- мамандықтың танымалдылығы
- еңбек ақысы
- достарым, сыныптастар
- мұғалім
- ата-ана




2011 респондент

Болашақ мамандығыңызды таңдадыңыз ба?



Қандай мамандықты таңдаушы едің?





КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ

бұл білім алушыларды еңбек нарығындағы жеке басының ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, мамандық таңдауға дайындауға, білім алушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауға және жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге бағытталған ғылыми негізделген іс-шаралар жүйесі



МАНСАПТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ (CAREER GUIDANCE)

бұл студенттерге өзін-өзі түсінуге көмектесуге, мансап нұсқаларын анықтау үшін қажетті ақпаратты жинау және өңдеу, білімін, дағдыларын қалыптастыруға және оларды бір мансаптық шешімге келгенге дейінгі сүйемелдеу процесі





Үздіксіз білім беру жүйесіндегі кәсіби бағдарлау



Маған ұнайды
мамандықтар

Менің
қасиеттеріме
сәйкес келеді

Қалаймын

Мүмкіндігім
бар

Керек

Ол мамандықтарға
сұраныс болу керек

Мамандық таңдаудың формуласы

Кәсіби кеңес берішінің міндеттері

Жеке кеңес беру

Жоғары сыныптардың кәсіптік бағдар берушісі (консультанты) білім алушыларға академиялық және мансаптық жоспарлар жасау бойынша кеңес береді. Студенттерге академиялық дамуға кедергі келтіретін жеке қиындықтарды жеңуге, сондай-ақ сабақтарды таңдауға және мектепті бітіргеннен кейін өмірлерін жоспарлауға көмектеседі. Кеңесшілер таңдау және колледжге түсу, оқу бағдарламалары, қаржылық көмек, тәжірибелер мен тағылымдамалар туралы ақпарат береді. Олар ақпаратты іздеу және талдау, құжаттарды дайындау және т. б. дағдыларын үйрету үшін мансаптық даму сабақтарын өткізе алады.

15%

Топтық кеңес беру

Орта мектептің кәсіби бағдаршысы (кеңесшісі) оқушыларға шешім қабылдау, оқу және қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектесу үшін мектеп қызметкерлерімен және отбасыларымен жұмыс істейді. Бұл кеңесшілер мектепте немесе үйде қиындықтарға тап болған студенттерге қолдау көрсетеді және осы мәселелерді талқылау үшін жеке кездесулер ұсынады. Орта мектеп кеңесшілері сонымен қатар студенттерге орта мектепке ауысуға көмектеседі, оларды академиялық және әлеуметтік дамудың келесі деңгейіне дайындайды.

25%

Кәсіби бағдар курсы, мектеп ішілік іс шаралар

Кәсіптік бағдар беруші (кеңесші) бастауыш сынып оқушыларымен жеке немесе топтарда кездесіп, олардың әлеуметтік және академиялық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Олар сондай-ақ баланың күшті және әлсіз жақтарын, қиындықтарын немесе ерекше қажеттіліктерін талқылау үшін ата-аналармен кездеседі. Мектеп кеңесшілері оқу бағдарламасының білім алушылардың даму және оқу қажеттіліктеріне сәйкес келетініне көз жеткізу үшін мұғалімдермен және әкімшілермен жұмыс істейді.

100%

Академиялық
бағыт

Әлеуметтік-
эмоционалды қолдау

Кәсіби бағдар және
мектепке кейін оқуға
дайындық

Кәсіби бағдарлау қағидалары



Кәсіби бағдарлау процесінің стейкхолдерлері



Шет елдердегі кәсіби бағдар беру жүйелері

Англия

- Мансаптық өсу жүйесі ұлттық еңбек нарығы мен жұмыспен қамтуды реттеу жүйесінің бөлігі болып табылады.
- Мансаптық даму мектебі; университетке қабылдау; жұмыспен қамту; жұмыс кезеңінде қолдау көрсету (Нұсқаулық жүйесі 7)
- Мектептің оқу бағдарламасында мансаптық өсу курсы міндетті болып табылады
- Англияның барлық мектептерінде арнайы білімі бар мансап бойынша кеңесші лауазымы енгізілді
- 1986 жылдан бастап барлық мектептерде шағын кәсіпорын жұмыс істейді
- Мансаптық өсу курсының бөлігі ретінде міндетті жұмыс практикасы
- Орта мектептегі міндетті тәлімгерлік

Финляндия

- Ұлттық оқу бағдарламасында 7-сыныптан бастап кәсіби кеңес беру (топтық, жеке) 76 сағат бөлінген. Мансап бойынша кеңесшілер
- Жоғары сыныптарда міндетті кәсіби бағдар беру курсы (38 сағат) + бағыт бойынша таңдау пәні (38 сағат).
- Сонымен қатар, мектепте жұмыспен қамту бөлімдерінің өкілдері семинарлар өткізеді.
- Мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесі колледждерде/ университеттерде мансаптық кеңес берумен тығыз байланысты (60сағ)
- Университеттер студенттер мен үміткерлерге мансап бойынша кеңес беру қызметтерін ұсынады
- «Бір терезе бағдарлау орталығы» (One-stop-guidance center) – 30 жасқа дейінгі жастарға кәсіби және тұлғалық дамуда қолдау көрсету

Германия

- Мансаптық қолдау өмір бойы білім алу тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылады.
- Кеңес берудің 2 түрі – білім беру секторындағы кеңес беру және жұмыспен қамту секторындағы кеңес беру
- Мектептегі білім берудің әртүрлі кезеңдері, әртүрлі жұмыс формалары
- Кәсіптік кеңес беруді арнайы дайындалған мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, мектеп психологтары, сондай-ақ жұмыспен қамту орталықтарының мамандары береді.
- Кәсіби бағдар беру бастауыш сыныптардан бастап мектеп бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.
- Кәсіби бағдар беру міндетті түрде мектеп оқушыларының ұйымдар мен кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуін қамтиды (2-3 апта), кәсіби практика қарастырылған, ол жоғары оқу орындарына түсу кезінде ескеріледі.

Канада

- 2000 ж. Мансаптық қолдау «Өмір бойы білім алу туралы меморандум» негізінде жүзеге асырылады
- Өмір бойы қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған «Өмір мен еңбекті жобалау жоспары» әзірленді.
- Негізгі термин «Мансаптық даму» - өмірді дамытудың жеке жоспарына жету үшін білім беруді, еңбекті және бос уақытты басқарушы кәсіп.
- Мансаптық кеңес беру мансаптық даму элементі ретінде (өзін-өзі түсіну, мансаптық шешім қабылдауда хабардар болу)
- Кәсіби кеңесші болып табылмайтын мамандар өз лауазымының атауында «кеңес беруді» пайдаланбайды, олар жаттықтырушы, үйлестіруші, қолдаушы мамандар және т.б.
- «Кеңес беруге бағытталған мектеп»

Кәсіби бағдар беру нысандары

Кәсіби бағдар беру практикалары / кәсіби тағылымдамалар	<ul style="list-style-type: none">▪ Білім алушының еңбек кітапшасы▪ Жоғары сыныптарда тағылымдамадан/ практикадан өту мүмкіндіктері▪ Оқуға түсу кезінде тағылымдамадан/практикадан өту нәтижелерін есепке алу▪ Тағылымдамалардың мысалдары - «Стажер" жобасы, "Fomos" ұйымынан онлайн тағылымдамалары
Еріктілер бағдармалары	<ul style="list-style-type: none">▪ Еріктілер лигасы▪ Астана Жастары▪ Newman Kazakhstan▪ Qazvolanteer.kz
Кеңес беру қызметтері	<p>Қазіргі уақытта коммерциялық негізде жұмыс істейтін көптеген кеңес беру орталықтары мен жеке кәсіби бағдар беруші кеңесшілер бар. Көп жағдайда бұл орталықтардың қызметтерін шет елге оқуға түсуге қызығатын оқушылар мен ата-аналар пайдаланады</p>
Кәсіби диагностикалық тестілеу	<ul style="list-style-type: none">▪ 7 сынып – Голомстоктың мүдделер картасы (Резапкина модификациясында)▪ 8 сынып – Р. Кеттеллдің көп факторлы тұлғалық сауалнамасы 16 PF▪ 9 сынып - Л. Кабардовтың кәсіби дайындық сауалнамасы▪ 10 сынып – Жеке тұлғаның кәсіби бағытын анықтауға арналған голландиялық сауалнама / Л.Йовайши сауалнамасы▪ 11 сынып – Майерс-Бриггс тұлға типіне арналған тест / DICS тесті

Кәсіби бағдар беру нысандары

«Қолшатыр» мемлекеттік бағдарламалары

- Жаңа мамандықтары Атласы
- «Мамандығым болашағым»

Онлайн ресурстар

- Eduser.kz
- Testcenter.kz
- Leadership.kz
- Niche.com – Халықаралық
- Collegeconfidential.com - Халықаралық

Кәсіби бағдар берудің дүниежүзілік даму тенденциялары

- **Кәсіби бағдар беру жүйелерінде ЖИ пайдалану**
 - Career-Chat, Англия
 - Career-Choice, Хорватия
 - Жасанды нейрондық желілерді қолдана отырып, университеттерге қабылдау процедуралары арқылы кәсіптік бағдар беру, Канада
 - CareerMe қосымшасы, Австралия
 - Электрондық нұсқаулық (eVejledning), Дания
 - iAdvice, Шри-Ланка
 - Mentor қосымшасы, Бельгия
 - O*NET программасы, США
 - Bagdar.kz, Қазақстан
- **Мансапты басқару дағдыларын дамыту**
 - Мансаптық даму және одан әрі оқуға дайындық курстары
- **Мектеп базасындағы шағын кәсіпорындар**
 - Англияда әр мектептің жанында шағын кәсіпорындар бар немесе әртүрлі ұйымдармен келісімшарт жасалынған
- **Жоғары сыныптардағы еңбек тәжірибесі**
 - Еуропалық Одақ, Түркия, Англия елдерінің мектептеріндегі оқу процесінің міндетті құрамдас бөлігі мансаптық даму курстары шеңберіндегі еңбек тәжірибесі



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!